ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

...ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
...ЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...рь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тиын.

***„Ұстазымыз, көсеміміз Ильичті есте ұстап, жақсы көріп, оқып-үйреніңдер.***

***Ішкі, сыртқы жауларман Ильичше күресіп, жеңіп отырыңдар.***

***Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше жасаңдар!“***

**И. СТАЛИН.**



## Лениннің есімімен аталатынауданда

### Лениннің идеяларЫ туралЫ әңгімелер мен көрмелер

Ленин ауданының еңбекшілері дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті жасаушы және коммунистік партияның негізін қалаушы В. И. Лениннің жарқын бейнесін еске түсіруде. Ауданның селолық клубтары мен кітапханаларында Ленин идеяларының салтанатын көрсететін көрмелер ұйымдастырылды. Ол көрмелер мына тақырыптарда: «Ленин жолы бойынша, Сталиннің басшылығымен Ленинсіз өткен 29 жыл», «Электрлендіру туралы Лениндік —Сталиндік ғылымның тарихи жеңістері», «ГОЭЛРО жоспарынан коммунизмнің ұлы құрылыстары жоспарына дейін», «Бесінші бесжылдық —коммунистік қоғам орнату жолындағы ірі қадам».

Колхоздар мен МТС және совхоздарда үгітшілер және баяндамашылар адамзаттың данышпаны, ұлы көсем Ленин туралы әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасауда. Олар өзінің ауданының өмірінен нақтылы мысалдар келтіру арқылы Сталин жолдастың басшылығымен Ленин өсиеттерінің жүзеге асырылғанын көрсетуде.

## В. И. Лениннің Горкидегі музей-үйі

Біз қаладан шыққалы бір сағаттан астам уақыт болып қалыпты. Тас төселген даңғыл жолда машина, бейнә бір бәйге атындай, жүйіткіп келеді. Кәдуілгі күз мезгілі болса да, Москва төңірегінің табиғаты өзінің жазғы келбетін онша өзгертпеген сықты. Бұл маусымды елдің «алтын күздің» басталуы деп атауы да содан болар сірә.

Артымызда астананың зәулім биік үйлері мұнарланып көрінеді. Алға ұзаған сайын айналаңызда совет адамдарының жемісті еңбегінің нелер көркем суреттері бірінен соң бірі тізбектеліп көз алдыңнан өтіп жатады.

Осы көріністерге сүйінген саяхатшы-оқушылар өзара әңгіме дүкенін қыздырып келеді. Бір сәтте жаңағы қызу әңгіме кенет тоқталды. Біз қалың орман ішінен күмбезді бір үлкен ақ үй көрдік. Бұл үй бұдан бұрын көрген тарихи суреттер бойынша сан миллиондаған адамдарға әбден таныс. Оны әрбір совет адамы жақсы біледі, қасиеттеп құрметтейді. Ол бәрімізге шексіз қымбат.

Бұл Горки. В. И. Лениннің музей-үйі. Мұнда Владимир Ильич тұрған.

Музей-үйге қадам басып кіргеннен-ақ сені ерекше бір сезім билейді. Ол—данышпан көсемге деген асқан сүйіспеншілік.

мады. Өзі ұйымдастырып, негізін қалаған Коммунистік партия мен жас совет мемлекетін онан сайын мәпелеп өсіріп, нығайту үшін күнбе-күн қамқорлық жасап отыру қажет болды.

Владимир Ильичтің екінші этаждағы қызмет бөлмесінде де көптеген кітаптарды көресіз. Ленин партияның X-және XI-съездеріне әзірлеген «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген атақты еңбегін осы бөлмеде жазған.

Музей бөлмелерін аралап жүріп, адамзат данышпаны, тау қыранының қасиетті, рух беруші өмірінің тамаша бір көрінісін көресің, көсемге арналып жазылған кітаптар мен әңгімелер бойынша жалпы жұртқа мәлім көптеген оқиғаларды тағы да еске түсіресің.

Міне, музейге келушілер Владимир Ильичтің бөлмесінде тұр. Басқа бөлмелердегі сықты, мұның да Лениннің тірі кезіндегі көрнісі сол күйінде сақталған. Бөлмеде ұқыптылықпен жиналған кровать тұр, кішкене үстелге дәрі қойылған. Екінші бір үстел үстінде Максим Горькийдің «Менің университеттерім», Д. Лондонның «Өмірге сүйіспеншілік» деген кітаптары жатыр. Д. Лондонның әңгімелерін Ленинге Надежда Константиновна оқыған көрінеді. Бұл әңгімені Владимир Ильич

